

КӨҢІЛДІ ҮЗІЛІС

Т.Есетов атындағы #264 мектеп-лицейінде "Психология-әлеуметтік" апталығы аясында 5-7 сыныптар және мектеп ұжымына «Көңілді үзіліс» жүргізілді.

Мақсаты: Оқушылардың бір-біріне деген сыйластығын, қарым-қатынасын, ұйымшылдығын арттыра отырып көңіл-күйлерін жақсарту.

Көңілді үзіліс мектеп ұжымына жағымды көңіл-күй сыйлап, шығармашылық қабілеттерінің артуына, жұмысты ерекше құлшыныспен жасауға септігін тигізді.



<https://www.facebook.com/share/p/fN5dRxLQpbaRjpKa/?mibextid=oFDknk>

➤ "Психология-әлеуметтік" апталығы барысында денсаулығына байланысты **үйден білім алатын** оқушылармен тренинг кездесу болды.

Мақсаты: Оқушылардың көңіл-күйін көтеру, жағымды эмоция туғызу. Мектеп тыныс тіршілігімен танысып, қарым-қатынас орнатуға бейімдеу.

Тренинг барысында танысу жүргізіліп, жағымды көңіл күй орнады.

Қол моторикасы жаттығуы барысында оқушылар сезімдерін ортаға салып, есте сақтау, зейінді тұрақтандыру қабілеттерін дамытуға жұмыс жасады. Сонымен қатар «**Тыныс алу жұмысы**», «**Мен кімін**», «**Тап ойыны**» және «**Қиялмен боя**» жаттығулары жасалды.

Мектеп-лицей тынысымен танысу барысында «**Обсерватория**» орталығымен танысып, алған әсерлерімен бөлісті.

<https://www.facebook.com/share/p/cGKKPam4SVwiTiK/?mibextid=oFDknk>



<https://www.facebook.com/share/v/bEbFAEZqExEBvVv2/?mibextid=oFDknk>

- "Кибербуллинг деген не? Одан қорғану және психолог кеңесі" өткізілді.
- ♻️ "Психология-әлеуметтік" апталығы барысында 8-10 сыныптар арасында "Кибербуллинг деген не? Одан қорғану және психолог кеңесі" өткізілді.
- ✅ Жасөспірімдер үшін ата-аналардың қадағалауынсыз интернет, әлеуметтік желілерді қолданудың өзіндік қауіптілігі бар. Солардың бірі - кибербуллинг.
- 👤 Кибербуллинг – адамды интернетте, әлеуметтік желі мен түрлі мессенджерлерде қорқытып, зорлық көрсету. Кибербуллингке кез-келген адам тап болуы мүмкін.
- 👉 Кибербуллингтен сақтану, психологиялық көмек беру мақсатында өткізілген кездесуде "Бала кибершабуылға тап болса?", "Мұндай жағдайдан сақтану үшін не істейміз? ", "Кибербуллингтің салдары қандай?", "Кибербуллинг жағдайында кімнен көмек аламыз және досымызға қалай көмектесе аламыз?" деген сұрақтар төңірегінде түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, видеороликтер көрсетілді.



❖ «ЗАҢЫҢ АЙҚЫН ҚОЛДАУШЫҢ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖОЛДАУШЫҢ» ТАҚЫРЫБЫНДА ҚАЛАЛЫҚ СЕМИНАРЫ

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің ұйымдастыруымен М.Шоқай атындағы №187 ІТ мектеп-лицейі базасында орта білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік педагогтарының қатысуымен қалалық семинар өткізілді.

Семинарға қалалық білім бөлімінің әдіскері Ғазиз Лепесұлы мен қорғаншылық істері жөніндегі бөлім маманы Нұрбек Көлбайұлы қатысып, сәттілік тіледі.

Семинардың мақсаты әлеуметтік педагогтердің ҚР Конституциясы Ата Заңының шеңберінде әдістемелік шеберлік деңгейін арттыру, бекітілген бұйрықтар негізінде жұмыс бағытын сараптау.

Семинар барысында №264 және №7 мектеп-лицейінің әлеуметтік педагог мамандары Д.Жұмабек пен М.Абдуллаева өз түсіндірмесінде Педагог мәртебесі туралы Заңы, Бала құқығы конвенциясы, педагогтердің кәсіптік стандарттары, әлеуметтік педагогтің лауазымдық міндеттері, нормативтік құжаттарға қатысты пайымды ақпараттарды кеңінен баяндап, өзара тәжірибе алмасты. Кері байланыс ретінде “Stop кадр” көмегімен бейнероликтерді тамашалау арқылы аталмыш заңдар бойынша ситуациялық қойылымдар тапсырма ретінде берілді.

Семинар соңында іс тәжірибесімен бөліскен әлеуметтік педагогтар алғыс хаттармен марапатталды.



<https://www.facebook.com/share/p/tLcBdMDA1NUmXmUx/?mibextid=oFDknk>

- Қалалық білім бөлімінен келген хабарламаларға жауап беру.
- Қалалық білім бөлімінің 05.02.2024 жылғы №529 хатына сәйкес кестедегі ақпаратты толтыру.
- Қалалық білім бөлімінің 12.02.2024 жылғы № 639 хатына сәйкес, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының 05.02.2024 ж №24-34-19-04-07/400-И санды хатына сәйкес көрсетілген кестеге ақпаратты толтыру.
- Қалалық білім бөлімінің 22.02.2024 жылғы №03-13/1862 хатына сәйкес «Қызылорда облысының кәмелетке толмағандар арасында буллинг, кибербуллинг, суицид, зорлық-зомбылық пен ерте жүктіліктің алдын алу бойынша 2024 жылға арналған ведомствоаралық іс-шаралар жоспары» бойынша жұмыс жасау үшін.
- Қалалық білім бөлімінің 23.02.2024 жылғы №813 хатына сәйкес кестедегі ақпаратты толтыру.
- Қалалық білім бөлімінің 26.02.2024 жылғы №890 хатына сәйкес 28.02.2024 «Заңың-айқын қорғаушың, әлеуметтік жолдаушың» атты қалалық семинар.

Анықтама жазған:

М.Абдуллаева